

Арнаулы қалалық жәрдемақы туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 4 маусымдағы N 501 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 1999 жылғы 17 маусымда N 63 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы N 4/1119 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 27.12.2013 N 4/1119 қаулысымен.

Шешімнің мәтіні мен шешіммен бекітілген Ереже бойынша "Ереже" сөзі "Қағида" деген сөзбен ауыстырылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005.03.09 N 1/131 қаулысымен.

Қалалық мәслихаттың 1 шақырылған 14 мамыр 1999 ж. XXV сессиясының " Арнаулы қалалық жәрдемақы жөніндегі" шешімін жүзеге асыру мақсатында
Алматы қаласы Әкімі ШЕШТІ:

1. Арнаулы қалалық жәрдемақыны тағайындау және төлеудің ретінің
Қағидасы бекітілсін.

2. Қалалық қаржы басқармасы (Қ.Қ.Тәжібаев) Арнаулы қалалық жәрдемақыға төленетін қаражатты уақтылы бөлуді қамтамасыз етсін.

3. Еңбек, жұмыспен қамту және Халықты Әлеуметтік қорғау Департаменті (Н.І.Сүлейменов) Қалалық арнаулы жәрдемақының уақтылы тағайындалуы мен төленуін қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы Әкімінің N 11, 9 қаңтардағы 1997 жылғы, N 18, 22 қаңтардағы 1997 жылғы шешімдері күштерін жойды деп есептелсін.

5. Бұл қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары Ә.Ж.Ыбыраевқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Алматы қаласы Әкімінің
1999 жылғы 4 маусымдағы
N 501 шешімімен "Бекітілді"

Ескерту. Қағида мәтіні бойынша "еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау" сөздері "жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" деген сөздермен ауыстырылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005.03.09 N 1/131 қаулысымен.

Қалалық арнаулы жәрдемақыны тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы Қағида

Осы Қағида I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XXV сессиясының "Қалалық арнаулы жәрдемақы туралы" шешіміне сәйкес қалалық арнаулы жәрдемақыны (әрі қарай - жәрдемақы) тағайындаудың, төлеудің тәртібін белгілейді.

Қалалық арнаулы жәрдемақыны тағайындаудың және төлеудің тәртібі

1. Тиісті құқығы бар азаматтарға жәрдемақыны тағайындау Алматы қалалық Мәслихатының шешімімен белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

2. Жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтар зейнетақы алатын орны бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталықтарына өтініш жасайды және келесі құжаттарды тапсырады:

- өтініш (жеке ісіне тігіледі);
- жәрдемақы алушының жеке басын куәландыратын құжат - жеке басының к у ә л і г і ;
- зейнеткердің куәлігі;
- тіркелген номері туралы анықтама (РНН);
- халықтық банкінің тиісті филиалындағы арнаулы есебі бар жинақ кітапшасы

Жәрдемақы тағайындауға арналған құжаттар, оларды тіркеу үшін түпнұсқа күйінде ұсынылуы тиіс, одан соң өтініш иесіне қайтарылады.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталықтары қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және жаңа жеке істерді қалыптастырады, әрбір алушыға жәрдемақы тағайындау туралы шешімді әзірлейді, бұл шешімге аудандық орталықтың бастығы, орындаушы маман қол қояды және мөр басылып, куәландырылады.

4. Жәрдемақыны төлеу өткен ай үшін жүзеге асырылады.

5. Жәрдемақы мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны алатын азаматтарға тағайындалмайды созылмалы бүйрек ауруы бар I-ші топтағы мүгедектерден және Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Одағының ордендері мен медальдерімен марапатталған тұлғалар, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлері, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде кем дегенде алты ай жұмыс (қызмет) жасаған мемлекеттік наградалармен марапатталмаған тұлғалардан басқасы.

Ескерту. 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - Алматы қаласы Әкімінің 1999.12.21 N 1229 шешімімен және Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005.03.09 N 1/

6. Қалалық арнаулы жәрдемақыны алуға құқылы азаматтар:

- қалалық тіркелімі бар зейнеткерлер;
- "Халық қаһарманы" жоғары атағы бар азаматтар;
- созылмалы бүйрек ауруы бар І-ші топтағы мүгедектер;
- Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Одағының ордендері мен медальдерімен марапатталған тұлғалар, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлері, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде кем дегенде алты ай жұмыс (қызмет) жасаған мемлекеттік наградалармен марапатталмаған тұлғалар.

Ескерту. 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - Алматы қаласы Әкімінің 1999.12.21 N 1229 шешімімен және Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005.03.09 N 1/

7. Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 22 қаңтардағы N 18 шешіміне сәйкес коммуналдық қызметтерге арналған жеңілдіктер бойынша ақшалай өтемақы алатын зейнеткерлерге жәрдемақы тағайындау 1999 жылғы 5 қаңтардан бастап тағайындалады, өтініш берген жағдайда 1999 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей т а ғ а й ы н д а л а д ы .

8. Азаматтар оларға зейнетақы 1999 жылғы 1 мамырдан тағайындалғанда өтініш берген күннен бастап жәрдемақы алуларына құқықтары бар.

9. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталықтары жәрдемақы тағайындау үшін құжаттарды өтініш берген күннен бастап 5 күннің і ш і н д е қ а р а й д ы .

10. Ай сайын Қалалық зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі орталық қайтыс болған немесе шығып кеткен зейнеткерлер туралы мәліметті аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталықтарына береді.

11. Жәрдемақы төлеу оны алуға құқығы тоқтағанша беріледі (қаза болғаны, қаладан тыс көшіп кету, басқа жәрдемақы түріне ауысу).

12. Жәрдемақы сомасы оған қызмет ететін банкінің оны алатын есепшотына аударылған, егер де оны алу құқығы тоқтағанда департаменттің бюджет есебіне қайтарылады. Яғни, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының зейнеткердің қаза болғаны туралы хаты негізінде.

13. Зейнеткердің қаза болуына байланысты оған тиісті жәрдемақының сомасы оның отбасы мүшелеріне төленбейді.

14. Қаладан жаңа мекен-жайға кететін зейнеткерлерге жәрдемақы кетер айына дейін төленеді. Бұл үшін зейнеткерлер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығына тұрған жері бойынша қаладан кететіні жайлы өтінішін және оны анықтайтын құжатын береді.

15. Зейнеткердің жәрдемақы алу құқығы тоқтаған кезде аудандық жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы ол жайында есеп құжатына белгі жасайды да, оны архивке тапсырады.

16. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы ҚЗЖТЖО бөлімшелерімен жылына бір рет жәрдемақы төлеу жөніндегі жеке істерге түгендеу жүргізеді.

17. Жәрдемақы төлеу мөлшері республикалық бюджет туралы Заңға сәйкес жыл сайын айлық есеп көрсеткішінің өзгерісіне байланысты қайта қаралады.

18. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы барлық тиісті құжаттарды алғаннан кейін әр айдың 20-сы күні Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментіне мәлімет береді.

19. Жәрдемақы төлеу жөніндегі мәліметтердің растығы туралы жауапкершілік аудандық орталықтарға және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне жүктеледі.

20. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті аудандық орталықтардың мәліметі негізінде, аудан көлемінде өтінімдерді әр айдың 25-нен қалдырмай күндер жөніндегі төлем кестесін қолдана отырып, Алматы қалалық қаржы басқармасына береді.

21. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті Халық банкінің Алматы облыстық бөлімшесімен бірлесіп әр айдың 10-ы күні қала бойынша тексеруді өткізіп тұрады.

22. Қаржы басқармасы бекітілген сома шегінде берілген өтінімдерге сәйкес қаржыландыруды жүзеге асырады. Тексеру актілері болмай қалған жағдайда қаржы басқармасы қаржыландыруды тоқтатады.

А л қ а х а т ш ы с ы